

Балқаштық майдангерлер

Ыбрайым Ынтықбаев 1920-жылы Балқаш көлінің оңтүстік жағалауындағы ауылда дүниеге келіп, 1937-жылы мыс заводының құрылысына жұмысқа орналасады. 1941 –жылы сәуір айында Қызыл Армия қатарына шақырылған ол соғысты Белоруссияда, 7- десанттық бригада да әскер қатарында жүрген кезде қарсы алды. Ол 1942-жылы командирлер дайындайтын курсқа жіберіліп, осы жылдың қазан айында кіші лейтенент әскери шенімен 1-Украина майданында, 13-атты әскер полкінде взвод командирі болып, соғысқа қайта енеді. Ол кезде ол 24 жаста ғана еді. Келесі, 1943-жылы лейтенант атағына ие болған ол 350-атқыштар дивизиясында взвод командирі болып соғысты жалғастырады. Жас командир қатарға жаңа қосылған жас жауынгерлер үшін әкедей ақылшы, жасы үлкен жауынгерлік тәжірибелері, солдаттар үшін жақсы дос бола білді. Польшаны азат ету кезінде ауыр жарақат алған жас аға лейтенент үшін 1944-жылы 18- тамызда соғыс аяқталады. Желтоқсан айында 24 жасында бір қолынан айырылып, мүгедектікпен әскер қатарынан босаған Ыбрайым Ынтықбаев елге оралып, өзі соғысқа дейін еңбек еткен Балқаш кен-металлургия комбинатының автобазасына әуелі диспетчер, кейіннен эксплуатация бөлімінің бастығы болып, зейнетке шыққанша қызмет атқарады.

Зейнеткерлік жылдары ол «Балқашмыс» ӨБ автотранспорт саласы ардагерлер кеңесінің төрағасы, Балқаш қаласындағы мүгедектердің ерікті қоғамының бірінші төрағасы мен қалалық Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері кеңесінің мүшесі болды. Майдандағы ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», I, II – дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған Ы. Ынтықбаев 1994 –жылы Балқаш қаласының құрметті азаматы атағына ие болды.



Ыбрайым Әбдіхалықұлы Ынтықбаев

